

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Шығыстану факультеті Қиыр Шығыс кафедрасының PhD докторанты Рүстемова Ақтолқын Молданқызының «6D020900-Шығыстану (тарих ғылымдары)» мамандығы бойынша «Қазақстан мен Жапонияның жоғары білім беру саласындағы серіктестігі: қазіргі үрдістері мен болашағы» тақырыбындағы философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясының қолжазба жұмысына ғылыми жетекшінің

П І К І Р І

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін жариялаған алғаш күннен бастап мемлекеттің – қоғамдық, саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени, білім беру салаларын дүниежүзілік жаһандану үдерісі аясында, түрлі өзгерістер мен құбылыстарды бастан кешіруде. Осы орайда, мемлекеттің экономикалық дамуы мен саяси тұрақтылығына, халықаралық ұстанымдарына бағытталатын ғылым мен жоғарғы білім беру саласын да түбегейлі өзгерістер болып, әлемдік стандарттарға сәйкестендірілуде. Қазақстанның «Еуропа аймағындағы жоғарғы білімге қатысты біліктіліктерді тану туралы» Лиссабон Конвенциясына және «Жоғарғы білімнің Еуропалық аймағы туралы» Болон декларациясына қосылуы, елде жоғарғы білім беру жүйесінде жаңа реформалар мен мемлекеттік бағдарламалардың қабылдануына және түрлі мемлекетаралық, университетаралық білім жобаларын жүзеге асыруға ықпал етіп отыр.

Жалпы Қазақстанның жоғары білім беру жүйесіндегі оқытудың дидактикалық мәселелері, Болон үдерісіне енуіне және халықаралық ұйымдарға мүше болуына байланысты жоғары білім беру жүйесінің жаһандық үдеріске енуімен орын алған оқытудағы өзгерістер мен мәселелер бірқатар отандық зерттеушілердің зерттеу жұмыстарының зерттеу объектілері болғанымен, жекелеген мемлекеттермен мәденит пен білім саласындағы байланыстар мәселесіне қатысты зерттеулердің басым бөлігі Ресей, Қытай және Түркия, Корей елдеріне қатысты.

Қазақстан мен Жапония арасындағы қарым-қатынас мәселесі бүгінгі таңда зерттеушілер тарапынан аз зерттелген. Сондықтан, екі ел арасындағы өзара серіктестік мәселесін жан-жақты талдау қажеттілігі өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Екі елдің арасындағы саяси, сауда-экономикалық, экологиялық, мәдени байланыстар мәселесі әлі де болса тәуелсіздік алғаннан бүгінгі күнге дейін жүйелі түрде қарастырылмаған. Осыған дейінгі зерттеулерде ғалымдар тарапынан екі ел арасындағы өзара ынтымақтастық мәселесі жекелеген бір сала аясында ғана қарастырылған. Осы орайда, «6D020900-Шығыстану (тарих ғылымдары)» мамандығының докторанты Рүстемова Ақтолқын Молданқызының «Қазақстан мен Жапонияның жоғары білім беру саласындағы серіктестігі: қазіргі үрдістері мен болашағы» тақырыбындағы философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін

дайындаған диссертация жұмысының тақырыбы әлі ғалымдар тарапынан толық жан-жақты зерттелмеген тың, өзекті жұмыс екенін атап өтеміз.

Докторант ғылыми-зерттеу жұмысының тақырыбын айқындап, бекіткен уақыттан бері, отандық және шетелдік ғылыми жетекшілердің бағыт-бағдар беруімен, зерттеу жоспарын құрып, сол бойынша ғылыми ізденістер жасады. Жоғары білім беру жүйесінің интернационалдану үдерісінің теориялық негіздерін айқындап, Қазақстан мен Жапонияның жоғары білім беру жүйесінің интернационалдану мен осы елдердің жоғары білім беру саласындағы серіктестігі мәселесін ғылыми тұрғыдан талдап, негіздеді.

Докторант Жаһандық зерттеулер институты, Токио шет тілдері университетінен (Токио, Жапония) ғылыми тағылымдамадан өту барысында диссертацияға тақырыбы аясында ғылыми-ақпараттық материалдар жинап, жұмыстың деректік негізін толықтырды. Сондай-ақ, Қазақстан мен Жапония елдеріндегі серіктестес университеттер мен олардың арасындағы академиялық ұтқырлық мәселесін, жоғары білім беру саласындағы байланыстарда туындап отырған басты мәселелері мен оларды дамытуға ықпал ететін мәселелерді практикалық тұрғыдан анықтау үшін ғылыми сұхбат жүргізді.

Докторант төрт тілді еркін меңгергендіктен, қазақ, орыс, ағылшын және жапон тіліндегі ақпараттарды, деректерді, арнайы ғылыми ізденістер нәтижелерін зерттеу жұмысына толыққанды пайдаланды, олармен жан-жақты танысып, ғылыми тұрғыдан сараптай білді. Талқыға ұсынылып отырған зерттеу жұмысы алдына қойылған мақсатқа жетіп, жұмыс міндеттері толық орындалды. Диссертант өте алғыр, зерек, жауапкершілігі мол, ғылыми сауаты жеткілікті деңгейде болғандығын ерекше атап өтуге тұрарлық.

Диссертациялық жұмыстың тұжырымдары мен нәтижелері бойынша 9 мақала жариялаған, соның ішінде: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жанындағы Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитеті бекіткен басылымдарда 4 мақала, халықаралық конференциялар жинағында 3 мақала және халықаралық Scopus мәліметтер базасына кіретін шетелдік басылымда 1 ғылыми мақала жариялаған.

«6D020900-Шығыстану (тарих ғылымдары)» мамандығының докторанты Рүстемова Ақтолқын Молданқызының «Қазақстан мен Жапонияның жоғары білім беру саласындағы серіктестігі: қазіргі үрдістері мен болашағы» тақырыбындағы философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация жұмысының диссертациялық жұмыстарға қойылатын ғылыми талаптарға сай орындалған, ізденушінің жеке өзі жазған, дербес, толық аяқталған жұмыс деп бағалап, ғылыми жетекші ретінде бүгінгі кафедраның кеңейтілген талқылауына ұсынып отырмыз.

Ғылыми жетекші:

Қиыр Шығыс кафедрасының
доценті, тарих ғылымдарының

кандидаты

РАСТАЙМЫН

өл-Фараби университетінің Ғылыми кадрларды
даярлау және аттестаттау басқармасының басшысы

ЗАВЕРЯЮ

Начальник управления подготовки и аттестации
научных кадров КазНУ им. аль-Фараби

Р.Е. Кудайбергенова



Ашинова Ж.Е.